# Қызыл Жұлдыздар тарихын шертіп...



1979 жылғы 25 желтоқсанда кеңес әскерлері Ауғанстанға кіргізілді. Ауған еліне аттанған талай боздақтың елге тек сүйегі қайтты. Отанына оралмаған қыршын жастар қатарында екібастұздық Зейнолла Шәріпбаев пен Павел Кондратеня да бар еді.

Осынау тарихи күні екібастұздықтар ерлікпен қаза тапқан екі жауынгерді еске алуға арналған мемориалдық тақтаны ашты.

Соғыста ауыр жараланған жиырма жасар сержант Зейнолла Шәріпбаев көлікті қарша бораған оқ астынан алып шығып, 1983 жылғы ақпанда госпитальда көз жұмды. Қаза болғаннан кейін ол Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Солтүстік қалашықтағы батыр туып-өскен және әлі күнге шейін оның анасы тұратын көше кейін Зейнолла Шәріпбаев есімімен аталды. Мемориалдық тақта да сонда қойылды.

Қала әкімінің орынбасары Мәриям Адасбаева интернационалист-жауынгерлерге алғыс білдіре келе, олардың ерліктері жас ұрпақ үшін өшпес өнеге екендігін атап өтті. Қала басшысының атынан Мәриям Дәулетбекқызы Зейнолла Шәріпбаевтың анасына зор денсаулық пен ұзақ ғұмыр тіледі. Заужан апа да екібастұздықтарға отбасылық береке, бейбітшілік пен тұрақтылық болсын деген ниетін білдірді.

Аға прапорщик Павел Кондратеня өз еркімен майданға аттанғанда 30-дан жаңа ғана асқан еді. Дұшпанның күші басым түскен ұрыста ауыр жарақат алып, 1985 жылдың шілдесінде ерлікпен қаза тапты. Ерлігі үшін көз жұмғаннан кейін Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Оның құрметіне 19-шы шағынаудандағы Энергетиктер көшесі, 77-үйге мемориалдық тақта орнатылды.



Ауған соғысы ардагерлерінің Екібастұз одағының төрағасы Байжан Жайлауов естелік тақталарды орнатуға көрсеткен көмегі үшін «Қуатбасқармасы» ЖШС-нің бас директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Раис Гайнулинге алғыс білдірді. Белгілі меценат әрі демеуші Раис Харисұлы бейбітшілік жолында өмірлерін қиған адамдар ерлігі ұмытылмауы тиістігін айтты. Ал ардагерлер одағының басшысы Байжан Жайлауов 10 жылға созылып, 1989 жылғы ақпанда аяқталған соғыс тарихын тілге тиек етті. Оның айтуынша, бүгінде Қазақстанда шамамен он мыңға тарта ардагер, үш мыңнан аса мүгедек бар.

Қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлім басшысы Баянбек Орашев та өшпес ерлік хақында сөз қозғады. Қаза болған жауынгерлерді еске түсіру үшін бір минут үнсіздік жарияланды.



*Әскери комиссар Б.Орашев сөз сөйлеуде*




*П.Кондратеня тұрған үй*

**Өз тілшімізден.**

*Суреттер қала әкімінің баспасөз қызметінен алынды*